

# «Бір қадам алға...» әдісі

## Мақсаты:

Өткен материалды қайталау, зейінді сабаққа шоғырландыру, белсенділікті арттыру.

## Өткізу тәртібі:

1. Оқушылар бір қатарға тұрады.
2. Мұғалім өткен тақырып бойынша сұрақтар қояды.
3. Дұрыс жауап берген оқушы – бір қадам алға, қате жауап берген – бір қадам артқа шегінеді.
4. Мұғалім үстеліне бірінші жеткен оқушы жеңімпаз болады.

## Тиімділігі:

- Ойын элементі арқылы қызығушылық тудырады;
- Оқушының ойлау, жауап беру, есте сақтау қабілетін дамытады;
- Сабаққа жағымды эмоционалдық атмосфера орнатады.

